

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 106 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде № 3251 болып тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы N 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 16.02.2015 N 99 қаулысымен.

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады.
2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: аумақтарды абаттандыру және т а з а л а у .

3. Әскери қызметшілерге, елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге қоғамдық жұмысқа тарту т а ғ а й ы н д а л м а й д ы .

4. Ақсай қаласының әкімі және ауылдық округтер әкімдері "Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) келісімімен объектілердің тізімдері сотқа тоқсан с а й ы н ұ с ы н ы л с ы н .

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 23.10.2014 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. А г е л е у о в к е жү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы *А. Сафималиев* *А у д а н* *Ә к і м і н і ң*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК